

«Қарағайлы кенті №16 ЖББ мектебі» КММ-сінде құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты жүргізілген жұмыстар есебі

“Қарағайлы кенті ЖББ №16 мектеп”КММ-де құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп отыр. Қазақстандық патриотизм мен азаматтық және құқықтық тәрбие бойынша әр оқу жылына жекелеген арнайы жұмыс жоспары құрылып, бекітілген. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылған. Ережелері бекітілген. Кеңес отырыстары жоспарланып, уақытында жүзеге асырылып отырды. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі бекіткен Ережені басшылыққа ала отырып мақсат міндеттері, мазмұны оқушылар мен ата-аналарға таныстырылды. Оқу жылында қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізіледі. Қолайсыз отбасынан шыққан оқушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетіліп, жоспарлы түрде жұмыстар жүргізіліп отыр. Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссия құрылып, іс-шаралар жоспары жасалынған, жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, «Адал ұрпақ» клубы құрылып, жоспары бекітіліп, жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілді. «Адалдық дүкені» жұмыс жасды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңымен таныстырылды. Әр айда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өтіп, есебі АББ тапсырылып отырды. Әр оқу жылында орта, жоғарғы буын оқушыларымен жиналыс өтіп, мектеп инспекторы «Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың жағдайына» жиналыстар өткізіп, түсіндірме жұмыстарын өткізеді. «Жасөспірімдердің және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандардың жыныстық қолсұғушылығына қарсы қылмыстың алдын алу мен жолын кесу мәселелері» бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтермен таныстыру жүргізеді. Жас ерекшеліктері бойынша кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны туралы мәліметтер бере отырып, кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпараттар айтылады. Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын құқық бұзушылықтардың профилактикасы бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы нақты деректер бойынша мәліметтер беріліп отыр. Сонымен қатар, Зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін «Бес ереже» қағидаларымен таныстырылды. Бастауыш сынып ата-аналарына арналған кеңестер туралы ақпараттар беріліп, ата-аналарды

балаларына қатысты кеңестермен таныстыру жөнінде тапсыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілуде. «Жасөспірімдер үшін кеңестер» толығымен балаларға таныстырылып, берілген ақпараттар мазмұнына сәйкес жасөспірімдермен кері байланыстар жасалады. Мектеп психологы «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» және «Нашақорлықтың алдын алу» тақырыбында тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізіп, түсінік беру жұмыстары жүргізіліп отыр. Ұлдар кеңесінің, қыздар кеңесінің жұмыстары жыл сайын жоспарлы түрде жүргізіліп отыр.

Осы сияқты мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілер, ата-аналар кеңесі мен қамқоршылық кеңестері бірлесе отырып, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. 2002 жылдың 08 тамызындағы №345-ІІ Қазақстан Республикасының «ҚР бала құқығы туралы» заңын, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы ҚР 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 заңын, және «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» ҚР 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214 заңын басшылыққа ала отырып жұмыстар атқарылып отыр.

Құқықтық тәрбие беруде мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары, психолог-педагог, ЖІЖПИ, сынып жетекшілері бірлесіп жұмыс жүргізеді. 2023-24 оқу жылынан бастап мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Даналық мектебі» құрылып, құқықтық шараларға қатысты шараларға ат салысты. Жұмыстың негізгі мақсаты: оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын қадағалау, оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу, ата-аналармен үнемі байланыста болу, психологиялық-педагогикалық кеңестер өткізу, үйірне, секцияларға тарту болып табылады. Сонымен бірге жасөспірімдердің үйде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері мен жадынамалар жасалып отырады.

Мектеп медбикесімен бірлесе отырып, медициналық көмек көрсету жұмыстары, нашақорлықтың алдын алу, зиянды заттарды қолданбау, жыныстық тәрбие беру бойынша алдын алу шаралары түрлі форматта жүргізіліп отыр.

Алдағы уақытта оқушыларға құқықтық тәрбие беру бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіліп отырмақ

ДТЖО : Абдикешова Б.Т.